

# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ. 1-ТОМ

## АНТИКА ФИЛОСОФИЯСЫ

Антикалық христиан философиясы





**Мақсаты** – иудаизм мен христиан діндерінің кейбір мәселелерін, Сенека философиясын, ерте христиан философиясын, сонымен қатар, Плотин мен Аугустин философияларын қарастыру.

**Жоспары:**

1. Иудаизм және христиан діні.
2. Сенека философиясы.
3. Ерте христиан философиясы.
4. Плотин және Аугустин.

**Түйін сөздер**

Иудаизм, христиан діні, пұтқа табынушылық философиясы, христиан философиясы, неоплатонизм.

Философияның ұзақ жылдар дамуы барысында Рим империясының бірінші ғасырында болған ең елеулі оқиға – назареттік Исаның өмір жолы еді. Оның ілімінің философияға ықпалы, әрине, жанама болды. Моральдық доктриналары да тыңнан түрен салғандай жаңалық еместін. Ол бізді зұлымдыққа зұлымдықпен жауап беруге болмайды деп үйретті. Кезінде мұны Платонның Сократы да айтқан еді. Ол өз мұрагерлеріне көршілерін өзіңдей жақсы көруді өсиет етті. Әйтсе де бұл ой да көне еврейлер кітабы Левитте айтылған. Ол «теріс істерден емес, теріс ойлар мен тілектерден аулақ болуымыз керек» деді. Аристотель де «шын рақымды адам ешқашан теріс іске барғысы келмейді» деген болатын. Иса өз шәкірттерін дүниенің рақаты мен құрметін елең қылмауға үйретті. Дегенмен эпикурлықтар мен стоиктер дәл осылай жасаған еді. Мораль философы ретінде Иса керемет жаңалық ашқан жоқ. Бірақ, әрине, оның және шәкірттерінің тарихта қандай рөл атқарғаны мұнымен шектелмейді.

Иса ілімі еврейлік Інжілдің әлемге деген ұстанымына құрылған. Бұл Киелі Кітап бойынша Құдай тағала Яхве өзінің қарапайым үкімімен көк пен жерді және ондағының бәрін жаратқан. Еврейлер – Құдайдың сүйген халқы. Құдай оларды бәрінен ерекше артық көріп Мұсаға құдіретті заңдарды берген. Гераклит және басқа да грек, еврей ойшылдары сияқты Иса да ғаламдық апаттың негізінде әлемдік құдіретті сот болатынын айтып, болжам жасаған. Стоиктер ғаламдық зауалдың уақытын шексіз, алыс келешекке белгілесе, Иса оны қазір төніп тұрған жағдай сияқты көрді және сол кезде өзінің Мессия ретінде шешуші рөл атқаратынын айтты.

Исаны айқышқа керген кездері (шамамен б.д. 30-жылы) еврейлік идеялар Рим жерінде тез тарала бастады. І Птоломей тұсында еврейдің Киелі кітаптары Александрияда грек тіліне аударылғандықтан, негізінен, грекше сөйлейтін еврей диаспорасы пайда болды. Б.д. І ғасырында, дәлірек айтсақ, 40-жылы эллиндік еврей мәдениетінің көрнекті өкілі Филон император Калигуланың алдына оған табынуды мәжбүрлеуге наразылық білдірген және Александриядағы еврейлерді қудалауға қарсы делегацияны басқарып барды. Ол Киелі кітаптарды грек мәдениетінде тәрбиеленіп жатқандар үшін түсініктірек һәм қабылдауға оңайырақ ету мақсатында Мұсаның өмірі туралы және Бес кітап туралы бірқатар түсініктемелер жазды.

Христиандық өзінің алғашқы күндерінде империяда грек тілді еврей диаспорасы арқылы тарала бастады. Бірақ көп ұзамай пұтқа табынушы философиямен да араласа бастады. Әулие Павел Афинада Інжілді насихаттап, эпикурлық және стоялық философтармен пікірталасқа түсті. Пұтқа табынуға қарсы оның аузынан шыққан апостолдардың істері туралы уағызы асқан шеберлікпен дайындалған болатын және оның әртүрлі философиялық бағыттардағы даулы сұрақтардан хабардар екенін көрсетті.

Бір аңыз бойынша әулие Павел стоиктік философ Сенекамен философиялық тартыс құрып отырғанын көрсетеді. Оқиғаның жалған екенінде күмән жоқ, алайда түгел ойдан шығарылды деуге де болмайды. Әулие Павелдің Коринфке келіп уағыз айтқаны үшін айыпталғанда Сенеканың ағасы Галлионның оны жазадан құтқарғаны бар-тұғын. Сенеканың қожайыны – Неронның сарайында оның достары бар еді.

Сенека І ғасырдың ең атақты философы болды. Христиандық дәуірдің басында испан Кордовасында туған ол 49-жылы 12 жасар Неронның тәлімгері болды. 54-жылы Нерон билікке келген кезде, оның аға кеңесшісі болды. Императордың салыстырмалы түрде жақсы басқару



кезеңдерінде бағыт-бағдар көрсетіп отырған Сенека болатын. Дегенмен бұл 59-жылы Нерон өзінің анасын өлтірген кезде тәмамдалды. 62-жылдан кейін Сенека Неронға ықпал ете алмады және бірте-бірте қоғамдық өмірден алшақтады. 65-жылы тиранға қарсы ұйымдастырылған қастандыққа қатысты деген жаламен өз тамырын кесуге мәжбүр болды. Сөйтіп, Сократ секілді ажал құшты.

Сенека біраз трагедия жазды. Физикалық құбылыстар туралы сұрақтар жинағын құрастырды. Дегенмен оны философ ретінде танытқан еңбектер көбіне жырақта жүргенде, қартайған шағында жазған он этикалық диалогі және 124 моральдық үндеуі еді. Сенеканың стилі, негізінен, дәлелдеуден гөрі насихаттауға жақынырақ. Ол пікірталасқа емес, уағызға бейім. Сенеканы логика қызықтырмады. Еркін өнер түрлеріне тоғышарлық көзқараспен қарады. Әдебиетті тым көп оқыған адамды өз үйін дүние-мүлікке сықастыра толтырып жіберген адаммен салыстырды. Сенека да физикалық ғылымдарға қызығушылық танытты. Жаратылыс мәселелеріне қатысты трактат жазды. Дегенмен табиғи феномендерден өнеге алғанды ұнатып, стоиктер философиясының үш саласының ішінде этикаға көп көңіл бөлді.

Сенека бізді өз құмарлықтарымыздан арылуға үндейді. Өзінің ең ұзақ және аса танымал – «Ашу туралы» диалогінде ол тәннің күйзелісін, жалған пікірлердің маңызды айырмашылығын білу керектігін айтады. Бұлар – біз бірінші кезекте арылуымыз қажет элементтер. Жылап-сықтау, бозарып әлсіреу, кенеттен тыныстың тарылуы, жыныстық қозу... Бұлар – құмарлық емес. Тәннің қарапайым құбылыстары. Ақылда не болып жатқанының көрінісі, – дейді Сенека. Кеннидің бейнелі сөзімен айтсақ, Сенека стоиктердің нәпсіқұмарлыққа қарсы жорығын одан да зор сеніммен, жігермен басқара алатын еді.

Сенека материалист болды. Ол стоиктердің «адам баласы – жан әлемінің қасиетті материалдық бөлігі» деген ойын ұстанды. Көне замандада, қазір де, көптеген ғалымдар Сенеканы екіжүзді деп санайды. Өйткені ол адамгершілікті мадақтап, бірақ іс жүзінде Нерон сияқты тиранның қылмыстарына араласқан жан. Бұл фәни өмірдің игілігі бос нәрсе екенін уағыздап, дүниеқұмарлыққа қарсы бола тұра, өзі орасан зор байлық жиған адам. Сенеканың іс-әрекеттерін ақтау үшін оның кезінде Неронның тізгінін тартып, оған жақсы әсер еткенін және өмірінің соңғы жылдарында дүниеден баз кешіп кеткісі келгенін айта аламыз. Ол өзін стоиктер ұстанымдарына сай өмір сүріп жүрмін деп алдаусыратпады. «Мен кемелдікке жету жолынан өте алыс екенімді былай қойғанда, қарапайым жақсы адам болудың жарты жолына да жетпедім», – деп жазды Сенека.

Сенеканы империялық Стояның негізін салушы деп есептеуге болады. Осы мектептің ең әйгілі екі өкілі – құл Эпиктет пен император Марк Аурелий – стоицизмнің империяда қаншалықты кеңінен таралғанының айғағы бола алады. Империялық кезеңдегі стоиктер логика мен физикаға олардың алдындағы эллиндік дәуірдің өкілдері секілді аса қызығушылық танытпады. Сенека сияқты Эпиктет те, Марк Аурелий де, негізінен, өздерінің мораль философиясымен есте қалды.

Эпиктеттің өмір сүрген уақыты белгісіз, бірақ оның б.д. 89 жылы император Домицианның бұйрығымен басқа да философтармен бірге Римнен қуылғаны белгілі. Құлдықтан босап шыққан соң, Эпиктет Эпирде мектеп ашты. Оны аса құрметтейтін Арриан оның дискурстарының төрт кітабын және негізгі ілімдерінің анықтамалығын бастырып шығарды. Стоиктердің ішінде ең көп оқылатыны – Эпиктет. Ол өз еңбектерінде әзіл-шыны аралас, дәрекі стильде, үнемі қиялдағы адаммен әңгіме-дүкен құрады. Осынысымен философтарды да, философ еместерді де өзіне тартады. XIX ғасырдағы ағылшын ақыны және мәдениеттанушысы Мэттью Арнольд «көзімді ашқан үш адамның бірі» деп, Эпиктетті Гомер мен Софоклдың қатарына қояды. Әр дәуірде тиранның билігіне бағынышты өмір сүруге мәжбүр болғандар Эпиктеттің шығармаларынан жұбаныш тапты.

Эпиктеттен ең қатты әсер алған тұлға Рим императорының өзі болды. Марк Аурелий Антонин 161-жылы император болып өмірінің ұзақ бөлігін Рим империясының шегараларын қорғаумен айналысты. Өзі стоик бола тұра, ол Афинада платондық, перипатетикалық, эпикурлық сияқты барлық үлкен мектептерге арнап философиялық кафедралар ашты. Жаугершілік жорық кезеңінде де ол философиялық қойын дәптеріне ескертпелер жазуға уақыт тауып жүрді, қазір ол «Толғаулар» деген атаумен танымал. Толғауларында бұл өмірдің қысқалығы, игілік үшін қарекеттенудің қажеттігі, адамзаттың бірлігі және биліктің азғындататын табиғаты сияқты тақырыптарға арналған афоризмдер мен ойлардың топтамасы жинақталған.



Марк Аурелийдің достарының бірі Гален атты дәрігер еді. Оның көлемді шығармалары философиядан гөрі, медицина тарихына жақынырақ. Әйтсе де ол байсалды ойшыл болды және «Жақсы дәрігер философ болуы керек» деген атпен трактат жазды. Гален тән мен ақыл-ой арасындағы қатынасты дұрыс бағалауға қатысты өте маңызды мәселеде Аристотельдің физиологиясына шешуші түзету енгізді. Аристотель «жүрек – жанның орналасқан жері, ал ми болса, қанды суытуға арналған жай ғана радиатор іспеттес» деп есептеген. Гален мидан және жұлыннан шыққан нервтер бұлшық етті қозғалту үшін қажет екенін ашты, сол кезден бастап жанның тұрақтаған орны жүрек емес, бірінші кезекте ми болып саналды.

Марк Аурелийдің кезінде стоицизм үстем болды, эпикурлық ілім ұмытыла бастады. Император Афинада дамуға мүмкіндік берген мектептер арасында христиандықтың болмағаны көзге түседі. Шынымен де, Марк Аурелий христиандарды қатаң қудалауға бұйырық берді. Олардың қиналысын жасандылық деп қабылдады. Оның патшалық құрған кезінде жазаланған ең алғашқы христиандық философ Юстин еді. Юстиан христиан дінін ақтаған өзінің «Апология» еңбегін Марк Аурелийге арнап жазған.

II ғасырдың аяғына қарай христиан ойшылдары Иса мен Павелдың дінін Платон мен Аристотель философиясымен үйлестіруге талпыныстар жасады. Александриялық Климент дастарқан басындағы әңгіме түрінде жазылған Строматтарын (жиған-тегендерін) бастырып шығарды. Бұл еңбегінде ол философияны зерттеу тиімді ғана емес, білімді христиан атану үшін тіпті қажет екенін айтады. Климент Платонды дуалист христиандық еретиктерге қарсы айтыс-тартыста өзіне серіктес етіп алды. Аристотельдің логикасымен тәжірибе жүргізіп, стоиктердің құмарлықтан азат болу туралы ілімдерін дәріптеді. Филонның сарынымен ол Інжілдің аллегориялық тұстарымен қатар, әсіресе оқымысты гректерді шошытатын Ескі Өсиетті де түсіндірді. Осылайша, ол Александрияның ұзақ тарихында сақталуы тиіс дәстүрдің негізін салды.

Александриялық Клименттің кіші замандасы Ориген (185–254 жж.) біртуар ойшыл еді. Ориген өзін бірінші кезекте Інжілдің шәкірті деп санаса да, ол александриялық платоншы Аммоний Саккасты дәріптеді. Христиандардың дені күпір көзқарас санайтын Саккастың көп философиялық ойларын өз жүйесіне қосты. Платон секілді ол адам жандары туғанға дейін бар болатынына сенді. Христостың жарылқауымен бұрынғы еркін рух, яғни адам жаны өзінің денелерінің ауысуында жеке еркін ерігін көктегі тағдырына көтерілу үшін пайдалана алады. Ақырында ол бүкіл рационалды жаратылыстар – күнәһарлар да, әулиелер де, жындар да, періштелер де құтқарылып, бақытқа бөленеді деп сенді. Оригеннің елден ерекше ілімі жергілікті епископпен текетіреске алып келді. Сөйтіп, оның христиан дініне беріктігі күмән тудырды. Ориген Палестинаға айдалып, сол жерде өзінің пұтқа табынушы платонист әріптесі Цельсийге қарсы христиандық сенімді, бостандықты және жанның мәңгілігін қорғауда философиялық дәйектерді пайдаланды. Ориген 254 жылы император Децийдің қудалауына ұшырап, сансыз азаптан көз ашпай, ақырында қайтыс болды. Христиан философиясы енді қанаттана бастаған, ал стоицизм және эпикуризм құлдыраған кезде Аристотель мен Платон философиясының жемісті қайта өрлеуі басталды.

Плутарх (шам. 46–120 жж.) Афинада білім алып, Римде дәріс оқығанына қарамастан, өмірінің көп бөлігін дүниеге келген Беотияда өткізді. Ол 23 атақты грек пен 23 атақты римдіктің өмірлерін қатар алып баяндаған «Салыстырмалы ғұмырнаманы» жазған тарихшы ретінде аса танымал. Бұл ғұмырнамаларды XVI ғасырда сэр Томас Норт аударып, Шекспирдің Рим туралы пьесаларын жазуына шабыт беріп, арқау болған. Сонымен бірге, ол кең таралған философиялық тақырыптарға алпысқа жуық қысқа трактат жазды, оның бәрі Моралия деген атпен топтастырылған. Платон ілімін ұстанған ол «Тимейге» түсініктеме жазды. Плутарх стоиктерге және эпикурлықтарға қарсы бірқатар тартысты трактат жазып, ол жүйелердің құлдырауына өз үлесін қосты. Ең маңыздысы, платонизмнің жаңа басталған қайта өрлеуі аристотельшілердің ғылыми түсініктері дәстүрінің бастамасы болды. Мәтінге берілген ең ескі түсіндірме – II ғасырдағы Аспазийдің «Этикаға» түсіндірмесі. Ол «Никомах этикасын» канондық туынды ретінде қарастыру дәстүрін бастайды. Ғасыр соңында Афинадағы перипатетиктердің жетекшісі болып тағайындалған Афродисиялық Александр Аристотель еңбектеріне ауқымды түсіндірмелер дайындады. Дегенмен ежелгі философияның даңқты жолы көмескілене бастаған кезеңде басым философиялық ықпал Аристотель емес, Платонға тиесілі болды.



Христиандық Оригеннің замандасы және Аммоний Саккас шәкіртінің әріптесі, пұтқа табынушы ұлы философ Плотин (205–70 жж.) еді. Қысқа әскери мансаптан кейін Плотин Римде тұрақтап, император сарайынан қолдау тапты. Қайтыс болғаннан кейін оның жұмыстарын шәкірті және биографы Порфирий тоғыз трактаттан (Эннеадалар) тұратын алты топқа бөліп, оларды жариялады. Күрделі тілмен жазылған Плотин трактаттары этика мен эстетика, физика мен космология, психология, метафизика, логика мен эпистемология сияқты әртүрлі философиялық тақырыптарды қамтиды.

Плотин жүйесінде Бірлік ұғымы басты орында тұр. Бұл ұғым парменидтік Платоннан бастау алады, онда бірлік болмыс мүмкіндігінің кілті саналады. Бірлік – мистикалық түсінікте Платонның Игілік идеясымен бірдей: ол барлық нәрсенің негізі және барлық құндылықтың өлшемі, бірақ өзі болмыстан да, игіліктерден де жоғары тұр. Бұл – ең жоғарғы және сөзбен жеткізу мүмкін емес шыңнан төмен. Келесі орынды сана (идеялардың бағыттаушысы) және уақыт пен кеңістікті жаратушы жан иеленген. Жан санаға жүгініп, жоғары қарайды, табиғатқа жүгініп төменге түседі, ол өз кезегінде физикалық әлемді жаратады. Бұлардың бәрінің ең төмен деңгейінде жалаң зат – шынайылықтың ең алыс шегі ғана бар.

Шынайылықтың бұл деңгейлері бір-бірінен тәуелсіз емес. Әрбір деңгей өзінен жоғары тұрған деңгейдің тіршілік етуі мен белсенділігіне тәуелді. Әр нәрсенің Біртұтастан шығатын ретті эманациясында өзіндік орны бар. Бұл айқын және таңғаларлық метафизикалық жүйені Плотин мистикалық сырды ашу демейді. Бірақ ол Платон мен Аристотельдің философиялық принциптеріне негізделген. Кенни бұл тақырыпты кітабының тоғызыншы тарауында толығырақ қарастырады.

Плотиннің Римдегі мектебі оның өлімінен кейін еңсесін көтере алмады. Алайда шәкірттері және шәкірттерінің шәкірттері оның идеяларын барлық жерде таратып жүрді. Неоплатондық дәстүр Афинада 529 жылы христиандық император Юстиниан барлық пұтқа табынатын мектептерді жапқанша гүлдене берді. Бірақ Плотин идеяларын классикадан кейінгі әлемде таратқан пұтқа табынушылар емес, христиандар еді, олардың ең белсендісі Гиппондық Әулие Аугустин болатын, ол бүкіл христиан философтарына орасан зор ықпал етті.

Аугустин 354 жылы қазіргі Алжир жеріндегі кішкентай қалашықта өмірге келді. Әкесі пұтқа табынушы, шешесі христиан дінін ұстанған ол кішкентай кезінде шоқындырылмады. Латын әдебиеті және риторикадан христиандық білім алды. Оның бұрынғы өмірі туралы ақпараттың көбі өзінің өмірбаяны жазылған «Тәубе» еңбегінен алынған. Аугустин Карфагенде шешендік өнерден дәріс оқыды. Бұл қаланы ол «әдепсіз махаббаттың қайнаған қазаны» деп сипаттайды. 18 жасында Цицеронның «Гортензиясын» оқыған соң, Платонның іліміне қатты қызығады. Он жылдай манихейлік діннің ұстанушысы болды. Бұл синкретті діннің негізінде дүние ізгілік пен зұлымдықтың, жарық пен қараңғылықтың күресінен тұрады деген идея жатыр.

Аугустин 383 жылы теңіз асып Римге, одан кейін көп ұзамай Рим империясының батыс аймағының басты қаласы – Миланға қоныс аударды. Бұл жерде ол Милан қаласының епископы Амвросиймен достасты. Өзінің биік беделімен император Феодосийдің дін саласындағы саясатына ықпалын жүргізе алған және дін талаптарын берік ұстануымен әйгілі болған осы діндардың және өз анасы Мониканың ықпалымен Аугустин христиандыққа бет бұрып, 387 жылы шоқындырылды.

Аугустин шоқындырылған соң да көпке дейін Плотиннің философиялық ықпалында қала берді. «Академиктерге қарсы» еңбегінде ол академиялық скептицизмге қарсы тыңғылықты дәйектер ұсынады. «Идеялар жайында» еңбегінде Аугустин платондық идеялар теориясының өз нұсқасын көрсетті. Оның пікірінше идеяның экстра-материалды тіршілік етуі жоқ. Дегенмен олар мәңгі және өзгерместен Құдайдың санасында өмір сүреді. «Ерікті таңдау» еңбегінде Аугустин адам еркі, таңдау туралы, зұлымдықтың тамыры туралы жазды. Бұл мәтіндер қазіргі кезге дейін бірқатар философиялық факультеттерде пайдаланылады.

Осы және басқа да туындыларды Аугустин 391 жылы дінбасы болып тағайындалып, өз жолын тапқанға дейін жазған еді. Қысқа мерзімнен кейін Аугустин Алжирдегі Гиппон елді мекенінің епископы болып тағайындалады да, сол жерде 430 жылы қайтыс болғанша өмір сүреді. Ол керемет шығармашылық ғұмыр иесі болды. «Құдай қаласы» еңбегі – оның жауһар туындысы. Дегенмен 391 жыл ерекше кезең болды. Осы уақытқа дейінгі Аугустин шығармашылығы классикалық философияның соңғы нәзік гүліндей болды. Бұдан ары қарай ол пұтқа табынушы



Плотиннің шәкірті емес, Орта ғасырлардағы христиан философиясының әкесі ретінде жазады. Кенни Аугустиннің христиан іліміне «Батыс философиясының жаңа тарихы» еңбегінің екінші томында назар аударады.

Аугустин кемеліне келген шағында да өзін жаңашыл философ ретінде санамады. Ол өзінің міндетін Платон мен Павелдан және барша жаннан биік тұрған Иса сияқты өзінен әлдеқайда ұлы адамдардан келген қасиетті хабарларды тарату деп білді. Алайда бай мұраға ие болып қалған келесі ұрпақ философ ұстаздарының ілімдерінің көп бөлігін түсініп, қабылдаса, онда оны Аугустин еңбегінің жемісі деп біліңіз. Энтони Кенни ежелгі дүниенің бүкіл философтарының ішінде Аугустиннен бөлек тек Аристотель ғана адам баласының ойына қатты әсер етті деп есептейді.

Осылайша, біз Энтони Кенни еңбегінің екінші бөлімінің соңғы параграфтарындағы иудаизм мен христиан дінінің, Сенека философиясы, ерте христиан философиясы, сонымен қатар, Плотин мен Аугустин философиясына арнаған кейбір мәселелерін қарастырдық. Келесі дәрісте Кеннидің кітабының алғашқы тақырыптық бөлімі – логиканы талдаймыз.

### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. Иса ілімінің философияға ықпалы қандай болды?
2. Исаның жеке ізгілік доктринасының басқа да үлгілері болды ма?
3. Сенеканың философиялық стилі қандай?
4. Империялық Стояның негізгі үш өкілдерін атаңыз, олардың ілімдерінің ерекшелігі неде?
5. Марк Аурелий Антонин «Медитацияларында» қандай сұрақтарға көңіл бөлді?
6. Плотинның философиялық жүйесінде басты орынды қандай түсінік алады?
7. Аурелий Аугустин өз шығармашылық жолында қандай кезеңдерді басынан кешірді?

### Әдебиет

1. Anthony Kenny, *Ancient Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 1.* – Oxford University Press. – 2014. – 368 p.
2. Кенни Э., *Батыс философиясының жаңа тарихы, 1 том, Антика философиясы.* – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 408 б.
3. Хесс Р., *Философияның таңдаулы 25 кітабы.* – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 360 б.
4. Adler M., *Aristotle for everybody. Difficult Thought Made Easy.* Published June 1st 1997 by Touchstone (first published 1978).
5. Диоген Лаэртский, *О жизни, учениях и изречениях знаменитых философов.* / Пер. и прим. М. Л. Гаспарова. Общ. ред. и вступ. ст. А. Ф. Лосева. («Философское наследие» топтамасы). – М., Мысль, 1979. – 624 с.